

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 39 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 маусымдағы N 667 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.01. N 314 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулы етеді:

1. "Штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 39 қаулысына мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер, агенттіктер мен ведомстволар қызметкерлерінің штат санының лимиттерінде:

"Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі" деген реттік нөмірі 6-жолдағы "251" деген сан "252" деген санмен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі" деген реттік нөмірі 7-жолдағы "258" деген сан "268" деген санмен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі" деген реттік нөмірі 9-жолдағы "140" деген сан "150" деген санмен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі" деген реттік нөмірі 14-жолдағы "185" деген сан "186" деген санмен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі" деген реттік нөмірі 16-жолдағы "31" деген сан "35" деген санмен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулы 2002 жылғы 15 шілдеден бастап күшіне енетін 1-тармақтың жетінші абзацын қоспағанда, 2002 жылғы 1 маусымнан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*